

Өресі биік өр тұлға

«Жақсы кісі көрінер жыл құсындай» деп маржан сөздің шырайын келтірген, айтыс өнерінің алтын дінгегі, дара дарын Сүйінбай бабамыздан қалған қанатты сөз бар. Әрине, бұл қағида тұла бойынан кешкі самалдай пайым-парасаттың лебі есіп, даралығы мен даналығы таң алдында жарқырап туатын шолпан жұлдыздай еңсесі биік, талғамы терең, арманы асқақ жандарға бағытталғаны белгілі. Болмысына жақсылықтың шарапатын жинаған жаны жайсаң жақсы адамға деген сағыныштың нышаны осындай болса керек деген ұғым жатыр.

Бір ақиқат ер елі үшін туады. Ал, елі елім деп елпендеген ұлын ешқашан ұмытпайды. Иншалла, қазақ халқы жұртының қамын жеп, жұрт ісіне араласып, тірлігінде еліне қалтқысыз қызмет ете жүріп «Ел ағасы» атанып кеткен арда азаматтардан еш кенде емес. Соның бірі мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен ғалым, шуақты жан Болат Әбдікәрімұлы еді.

Бұл кісі жаратылысынан ұсақтыққа бармайтын, кең пейілді, барға тасымайтын, жоққа қанағатшыл, көңілі көк дөнендей ұшқыр, қазақтың аңғалдығын да, адалдығын да жинаған дала перзенті болатын.

Бөкең өзінің ақ адал еңбегімен халқының құрметіне бөленді. Үлкен істің басында жүрді. Бар күш-қайратын, ерік-жігерін иненің жасуындай болса да туған жерге қызмет етсем, соңымнан жақсы із қалдырсам деген асыл мұраттың жетегіне ерді. Ізгі мұратқа жетер жол ілім-білімде екенін ұғынып, соны өзіне бағдаршам етті.

Қыран құс шүйліккенін алмай қоймайтыны секілді білгір, білімпаз, жаңашыл, рухани жол бастаушы екендігін ісімен дәлелдеп, тіттеген асуын бағындырып, сол соқпақты жолда шарболаттай шындалған дарабозға айналды. Соның айғағы ретінде, мұқым Қарағанды өңірінің жұртшылығы Бөкеңнің өлшеусіз еңбегін ескеріп Шахтинск қаласында оның мұражайын ашты.

Жақсылыққа жаны құмар ел емеспіз бе, бөркін аспанға атып қуанған халықтың нөпірі де аз болған жоқ. Шартараптан, еліміздің түкпір-түкпірінен зиялы қауым өкілдері жиналды. Тіпті, ту-у шалғайда жатқан бауырлас белорус елінің ғалымдары да ақ тілектерін арқалап жетіп келіпті.

Атам қазақ «Ерге қарап ел таны» деп тегіннен тегін айтпаған ғой. Аруақты жердің баласы келсе, ат үркетіні секілді, Болат Әбдікәрімұлының кіндік кескен жері де қасиетті мекенінің бірі. Бөкең ат жалын тартқан Қарағанды топырағында Ө.Бөкейхан, Ө.Ермеков, Ж.Ақбаев, С.Сейфуллин, Қ.Мыңбаев

сынды елдің тұтқасына, халқының тұлғасына айналған алаштың арыстары дүниеге келіп т.б. толып жатқан қайраткерлері шыққаны сөзіміздің бір мысалы.

Алтын құрсақ халқымыздың текті ұлдары заманында қазақтың іргесін бүтіндеп, туын тіктеуге күш салған, ұлтына қызмет еткен асыл ерлер. Ұлтымыз үшін ең қиын әрі сүрең, әрі терең тарихында олардың жасаған жасампаз істері қалың қазаққа аян.

Міне, осындай қайраткерлер түлеп ұшып, қойнауына түйнек салған нәрлі де нұрлы киелі топырақта кіндік кескен Бөкең қайдан осал болсын. Тұлғалардың ізбасары, тамырлас жалғасы әрі сарқыты деп айтсақ та жарасады. Осы бір дара туған қазақ азаматының өмір тарихы да өзіндік шежіре.

Табиғатынан іске мығым, анау-мынауға мойымайтын, болмашыға жасымайтын бар білімі мен қайратын қиындығы мен қызығы мол ұстаздық кәсіпке арнады. Шен, маңсап қумады. Кәсібіне адал болды. Ең жоғары марапат шәкірттерінің, әріптестірінің құрметі деп ұқты.

Осындайда, тәйірі тектен нәр алған тозушы ма дейсің. «Шұғаның қиқымы да шұға» екеніне көз жеткізгендей боласың. Өйткені, қасиетті Тоқа руынан шыққан Жолболды әулие бұл күнде ұрпағымен жайқалып тамыры тереңге кеткен мәуелі бәйтеректей іргелі елге айналып отыр.

Бір қауым ауылдың қарасын құрайтын ұрпақтары жиналып Ақши-Есен бойында ата аруағын қастерлеп ас беріп, дұға бағыштап, ескерткіш орнатып, көктас қойғаны ойымызды толықтыра түскендей.

Жолболды атаның кіндігінен тараған Әбдікәрім атты ұлы халқымыздың асыл қазынасы «Бесік құда» дәстүрі бойынша атастырып қойған Бибижан есімді қызды он үш жасында келін етіп түсірген екен. Араға уақыт салып, тәңірдің жазуымен осы шаңыраққа торсық шеке төрт ұл келіп ел аузында «Әбдікәрімнің төрт арысы» атанып кетіпті.

Тұңғышы Боранқұл кең жауырынды, бұлшық еті бұлтындаған мығым денелі жігіт болатын. Ол аудандық атқару комитетінде жауапты қызмет атқарып, кейін әскери борышын морфлотта өтеп келді. Оның өкшесін басқан інісі Хамидолла Қарағандының көмір шахтасында шахтер болып, көмір өндіру саласында табанды еңбек етіп, үздіктер қатарынан көрініп, үлкен табыстарға қолжеткізіп, «Құрметті шахтер» атанды, үшінші ұлы осы Болат мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ ерекше талабымен көзге түсіп, тың және тыңайған жерлерді игеруде көрсеткен сүбелі еңбегі еленіп медальмен марапатталады. Кейін ірі мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне жетеді. Ал, сүт кенжесі, төртінші ұл Оралбай аты Алты Алашқа мәлім мемлекет және қоғам қайраткері.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдардан бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жанында жүріп, бар қажыр-қайратын еліміздің өркендеуіне арнаған тұлға.

«Сүйкімді сөз сүйек балқытар» демекші, атақты абызымыз Әбіш Кекілбаев ағамыз оны «Оралжан» деп еркелеткенін қалайша ұмытамыз. «Оралжанды көргенде құдайдың бар екеніне шүбәсіз сенемін» деуі де Оралбайға берілген бағаның, құрметтің, илтифат пен сый-сыяпаттың ең үлкені емес пе?

Сөз орайы келгенде сабақтай кетейін. Бірде Орекеннің анасы Бибіжан шешей Әбіш ағамен ұшақта кездесіп қалған сәтте өзін былай деп таныстырған екен: «Біздің ауылда хат тасушы поштабай жігіт болды. Оны ауыл-аймақ бәрі танитын. Поштабайдың анасы басқа ортада отырғанда өзін «мен анау поштабайдың шешесімін ғой» дейтін көрінеді. Сол айтпақшы, Әбішжан мен де Оралбайдың анасымын ғой» деп айтқан әзілі ел аузында әлі күнге дейін жатталып қалған. Бибіжан анасының да әңгімелері тартымды, өнегеге толы еді. Елдікті айтатын, бірлікті айтатын. Тәуелсіздіктің тұғырлы болуын тілейтін.

Иә, адамның бақыты-балада деген.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ,» баға жетпес бақыт» деген құдіретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келеді екен. Сондықтан адамға нағыз бақытты ұрпағы ғана сыйлайды дегеннің жарқын көрінісін осы Әбдікәрімовтер әулетінен көргендей боламыз. Шәкәрімнің «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар: арлылығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Бұл сапаларға адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» дегендей, ата-анасы Әбдікәрім мен Бибіжан балаларының ойы қырағы, көкірегі ояу, адамгершілігі мол болуы үшін дұрыс тәрбие беруге әу баста аса мән бергенін аңғарамыз.

Болат жастайынан әзіл-қалжыңға да жақын болды. Оның оқыстан дәл тауып айтар қалжыңдары да жетерлік. Әсіресе, анасымен жиі әзілдесетін. Бірде анасының мерейтойы өтіп жатқан той дастарханы үстінде: «Шешем біздің шаңыраққа он үш жасында келін болып түсті» ғой деп сөз бастай бергенде. Анасы Болатжан мен он үште емес, он төрт жасымда келін болып босаға аттадым емес пе» жұртты күлкіге кенелткен екен.

Кейде анасы қолы қалт еткен сәтте балам эпостық батырлар жырын оқып берші деп Болатқа қолқа салатын.

Сонда Бөкең еш іркілместен анасының сөзін екі етпей, жырды нақышына келтіре оқып, барлық отбасын сүттей ұйытып, халық мұрасымен сусындыратын. Зеректігі соншалық, батырлар жырын жатқа соғуы арқылы кара тайдың белінде өскен даланың ұланы екендігін көрсететін.

Содан да болар беріліп күй тыңдайтын, елітіп ән тыңдайтын. Ұлтымыздың тарихын мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін өте жетік білетін. Ол көпшіл еді, ойшыл еді.

Қазақта «Текті туған жігіттің жары өзіне лайық, керуен бастар жігіттің нары өзіне лайық» деген бар.

Расында отағасының құт-берекесін, ырыс шапағатын шалқытып, абыройын арттырған жанның бірі – құдай қосқан жары. Болаттың да жүрегіне гүл сыйлап, өміріне шуақ шашқан жұбайы Тазагүл Мұқашқызы.

Ердің басын төрге шығаратын нағыз ибалы, ақылды қазақ әйелінің сипатын Тазагүлден көруге болады. Қарапайым бұйығы тірлік кешіп, ісіне адал берілген азаматтың жары болу да нағыз сынақтың өзі емес пе? Міне, Тазагүл осының бәрінен өтті. Ол тек қана жары емес, қиын-қыстау кезеңде ақыл қосатын, қолдаушы досы да бола білді.

Алғашқы кезде Болат шахтада еңбек етті. Жұмыс ауыр. Сонда да уақытпен санаспай бар жігерін жұмсаған кездері оның беделін өсірді, мерейін асқақтатты. Қарапайым жұмысшыдан телім бастығына дейін көтерілді. Қатты шаршап келсе де білдіртпеугетырысатын.

Сөйтіп жүргенде таңдауы кәсіптік техникалық мектеп саласына түсті. Оның абырой-атаққа бөленіп, елге тұлға болып танылуына да себеп болған осы жүйе болды. Кәсіптік білім беру жүйесі заманында білікті кадрларды дайындаудың нағыз ұстаханасы атанды. Жыл сайын еліміздің және өңірдің экономикасына халық шаруашылығының, әлеуметтік саланың, басқарма құрылымдарда табысты еңбек ететін, мыңдаған мамандарды шығарды. Мәселен, қазіргі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Украина еліне барып Днепродзержинск қаласында алған білімімен көрікші металлург болғаны баршаға мәлім. Одан қалды әлемнің тұңғыш ғарышкері, кеңістікті бағындырған ұшқыш Ю.Гагарин т.б. көптеген ұлы адамдар кәсіптік білім беру жүйесінде дәріс алып, еселі еңбек етті.

Иә, еңбек-адам өмірінің негізі деген ғой. Кәсіптік білім беру саласында еңбек ете жүріп адамзатқа тән асыл қасиеттерді жинай білген ұстаз ретінде қалыптасты. Жауапкершілік пен сенімділік тәрізді қырларын шыңдай түсті. Шәкірттерді шыдамдылыққа, шыншылдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа, достыққа баулыды.

Не керек, жарғақ құлағы жастыққа тиіп көрген емес. Жаңа үйленіп, отау құрған жас жігіт жұмысқа таң құланиектеніп келе жатқанда кетіп, түн ортасы ауған шақта уйіне оралатын. Табалдырықты енді ғана аттаған келіншегі Тазагүл күйеуінің тамағын істеп, дастархан басында күтіп отырудан жалықпайтын.

Әр келген сайын айтатын себебі әртүрлі. Біресе училищеде жылу құбыры жарылып үсті-басы шалқыған су болып әбігерге түссе, енді бірде оқудан қашқан оқушыларды темір жол вокзалынан алып келіп жатақханаға жайғастырып келеді, келесіде бірі-бірімен жаға жыртысқан жастарды тезге

салады. Бір сөзбен айтқанда, оның жұмысы бал емес еді. Бірақ, еш уақытта жұмысым ауыр деп салы суға кетіп көңілсіз жүргенін көрген емес. «Ұстаздық еткен жалықпас» деген осы екен ғой деп ойлайтын да қоятын.

«Жұрттың күйеулері кеңседе отырып-ақ ел басқаруға қатысып жатыр, сен неге сондай жұмысқа ауыспайсың» деп қолқа салғаны бар, Сонда Бөкен: «Азаматты асқақтатып, беделін көтеретін кеңсе емес, халқына, еліне қызмет жасауы» деп жауап қайтарғаны бар.

Еңбек түбі берекет. Ырыздық несібе, абырой да еңбекте. Адам баласы еңбек ету арқылы рухани және материалдық кемелдікке жететінін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Еңбектің берекеті адалдық пен туралықта. Тек, еңбектің арқасында адам жетіліп, дамып әрі денесін шынықтырып, мінез-құлқын қалыптастырады. Шынайы еңбек өзіңе жүктелген іске деген табандылық пен ынта-жігерді талап етеді. Еселі еңбек ғана қуанышқа, шаттыққа кенелтеді. Жалпы, еңбексүйгіштік, еңбекқорлық және еңбекті бағалай білген адам өмірде құрметке бөленетіні сөзсіз. Бұл орайда Болаттың да еңбек жолында төккен маңдай тері зая кеткен жоқ. Ақ жүріп атқарған адал еңбегі оны Қарағанды облысы кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасары биігіне көтерді. Жезқазған облысы алғаш ашылған тұста кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының басшысы тұтқасын ұстады. Осы басқарманың басшысы бола жүріп республикалық кеңістіктегі Комитетті басқаруға дейін көтерілді. Ол кезде бұл Мемлекеттік комитеттің деңгейі министрлікпен тең дәрежеде еді. Оның жинақтаған тәжірибесі еліміздің барлық өңіріндегі училищелерге үлгі болып, оң бағыт-бағдар көрсетті.

Болат Әбдікәрімұлы бар саналы ғұмырын қазақ халқының мүддесі жолында адал да абыройлы қызмет етуге арнаған болмысы қайталанбас тұлға десек еш қателеспейміз. Жоғарғы Кеңестің XIII шақырылымының (1994 жылы) депутаты болғанда қыруар шаруаның басын қайтарды. Келелі мәселелерді үлкен саяси мінбелерден көтеріп, игилікті істердің жүзеге асуына ұйытқы болғанын да білеміз.

Одан қалды ғалым ретінде де аса білімдарлығына куәміз. Ел астанасы Ақмолаға ауысқан қауырт шақта Елордаға келіп ғылыммен айналысқан ғалымдардың алдыңғы қатарынан орын алды. Ғылым кандидаттығы мен докторлығын ойдағыдай қорғағаннан кейін ғылыми кеңестің төрағасы болды. Сөйтіп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, негізін қалады.

Ғылымда да ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері баршылық. Мемлекетке ғылымның қажеттігін сезініп аянбай тер төккен жылдары 10 ғылым докторын, 50 ғылым кандидаттарын үкілеп додаға қосты. Жан-жақпен ғылыми байланыстар орнатып, арнасын кеңейтті. Санкт-Петербург қаласында өткен ғылыми кеңестің симпозиумына, конференциясына қатысып мұқым ТМД еліне мәшһүр болды.

Ол өмірінің соңына дейін, ақтық демі таусылғанша ел игілігіне еңбек етіп, қай жерде жүрсе де жоғары қабілеттілігі, ой тазалығының арқасында көпшілікке үлгі болып қана қоймай халық алғысын арқалады. Алған асулары да аз емес. Жан-тәнімен беріліп, еселі күш жұмсаған саласы кәсіптік мектептің нағыз патриоты болды. Өзінің де, ағайын-туыстың да балаларынан кәсіптік мектепке оқуға шақырып, мамандық таңдауда қателесуге жол бермей жұмысшы табының лайықты ізбасарларын дайындап, қанаттандырды. Тіпті, жұбайы Тазагүл де училище де жұмыс жасап, ұлы Аянды да кәсіптік мектептің білім нәрімен сусындауға үгіттеді.

Ол кезде кәсіптік техникалық мектеп жөніндегі комиттетің төрағасы тізгінін Санжар Оразұлы Жандосов ұстаған. «Мы не белые лебеди и не гадкий утенок. Есть три системы-капитализм, социализм и профессиональная школа» дейтін қанатты сөзі әлі де көпшіліктің жадында. «Біз жұмысшы табының лайықты ізбасарларын тәрбиелейміз. Бұл үлкен мәні бар жұмыс. Еліміздің ертеңі», - сол себепті аудан, қала деңгейіндегі қанша басшының балалары училищеге оқуға түсті деп арнайы есеп сұратып та жататын.

Қазақта оқымысты, ойшыл дейтін қасиетті ұғым бар. Осынау алтын арқау атақты иемденген зерделілер тізімінен Болат Әбдікәрімовтың де отбасын көретініміз көңілге қуаныш ұялатады. Расында Болаттың жанұясы өз алдына педагогика ғылымдарының докторы, балалары Аян мен Дана ғылым кандидаттары, өзі ғалымдардың ұстазы.

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сол секілді балаларының да ұлағатты ғалым болып қалыптасуы жолында әке тәрбиесінің әсері сонау көк шыбық кезінде берілгені сезіліп тұрады. Нәтижелі берілген тәрбие мен тәлімнің арқасында Болат Әбдікәрімұлы төңірегін және балаларын ғылыми орбитаға шығарды.

Қабылсаясат суындай шарапатты дәмге ие Нұранның мөлдіріне қанып өскен Болат Әбдікәрімұлы осындай жан болған. Жыл өткен сайын ол кісінің білгірлігіне ішкі дүниесінің соншалықты сарқылмас қазына екендігіне, сонымен қатар ерекше жаратылыс иесі, ұлтжанды парасаттылығына тәнті боласың. Былай зерделеп қарап отырсаң жақсы адам да жақсы өлең секілді. Әдемі ән тыңдағанда жаның рахаттанып қалатыны сияқты, жақсы адамды көргенде шарапатына шалқисың, көңілің жайланып, ішкі дүниең арайлана түседі емес пе? Міне, Болат та сондай өресі биік, өрелі азамат болатын.